

**«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ-де
2023-2024 оқу жылында жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың
алдын-алу бойынша жүргізілген жылдық жұмыс есебі**

Мектепте 2023-2024 оқу жылында мектеп оқушылары арасында зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінің алдын алу, қауіпсіз және қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында зорлық-зомбылықтың алдын-алу іс-шаралар жоспары жасалып, іс-шаралар атқарылды.

Іс-шаралар атқара отырып, төмендегі міндеттер атқарылды: оқушыларға адамгершілік, сыйластық, өзара түсіністік құндылықтарын сіңіру, мұғалімдер мен ата-аналарға зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, мектеп ішінде буллинг, агрессия, кибербуллинг жағдайларын ерте анықтау және тиісті шаралар қабылдау.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында «Тәрбие одағының» мүшелері «Мектепте зорлық-зомбылықсыз орта» тақырыбында ақпараттық бұрышын ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0dTZaYjriPeulIQFGScS2gQ4M37xE76sax9dBvjwLugZkWh9jMdlXatDBqruS9Gl.l/?app=fbi>

<https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid09f5J17ZFBD7gX96ns8jIKnoovafR2Ucto54FNDTo5MKjgI.wMGE8gaxfm7cu8HicQolCarp-fbi>

2023-2024 оқу жылының қазан айында 1–11 сыныптарда «Қауіпсіз мектеп» сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: оқушыларға мектептегі қауіпсіздік ережелері туралы түсінік беру; төтенше жағдайларда (өрт, жарақат, интернет қауіптері, буллинг және т.б.) дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. Оқушыларды тәртіпке, жауапкершілікке, бір-біріне құрметпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу; қауіпсіз орта құруға өз үлесін қосуға баулу. Оқушылардың сыни ойлау қабілетін, өз ойын жеткізу және шешім қабылдау дағдыларын дамыту; түрлі жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық моделін қолдана білуге үйрету.





2023-2024 оқу жылының қараша айында 5-7 сынып оқушыларымен психолог М.Адиловамен бірге «Достық пен сыйластық» тренингін өткізілді. Мақсаты: қатысушыларға достық пен сыйластық ұғымдарының мәнін түсіндіру; адам қарым-қатынасындағы өзара түсіністік пен сенімнің рөлін көрсету. Оқушыларды достыққа адалдыққа, сыйластыққа, бір-бірін тыңдай және түсіне білуге тәрбиелеу, ұжымда жылы, сенімді және қолдау атмосферасын қалыптастыру. Қатысушылардың қарым-қатынас жасау, өз ойын ашық білдіру, бірлесе жұмыс істеу және эмпатия дағдыларын дамыту.





2023-2024 оқу жылының қараша айында 5-7 сынып оқушыларымен психолог М.Адиловамен бірге «Достық пен сыйластық» тренингін өткізілді. Мақсаты: қатысушыларға достық пен сыйластық ұғымдарының мәнін түсіндіру; адам қарым-қатынасындағы өзара түсіністік пен сенімнің рөлін көрсету. Оқушыларды достыққа адалдыққа, сыйластыққа, бір-бірін тыңдай және түсіне білуге тәрбиелеу, ұжымда жылы, сенімді және қолдау атмосферасын қалыптастыру. Қатысушылардың қарым-қатынас жасау, өз ойын ашық білдіру, бірлесе жұмыс істеу және эмпатия дағдыларын дамыту.



2023-2024 оқу жылының қараша айында 8-11 сыныпта кибербуллингтің алдын алу бойынша кеңес беру сағаты өткізілді. Мақсаты: қатысушыларға

кибербуллинг ұғымын түсіндіру, оның түрлерін, белгілерін және зардаптарын анықтау; интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы ақпарат беру. Оқушыларды онлайн ортада өзге адамдарға құрметпен қарауға, жауапкершілік пен әдептілікке тәрбиелеу; өзіне және өзгелерге зиян келтірмеу мәдениетін қалыптастыру. Оқушылардың сыни ойлау қабілетін, эмоциялық тұрақтылығын және жанжал жағдайларында дұрыс шешім қабылдау дағдыларын дамыту; көмек сұрау және қолдау көрсету жолдарын үйрету.



2023-2024 оқу жылының желтоқсан айында «Тәрбие одағының» ұйымдастыруымен «Бала құқығы – басты назарда» атты құқықтық айлық өткізілді. Мақсаты: оқушыларға бала құқықтары туралы түсінік беру; Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Бала құқықтары туралы» Заңында көрсетілген негізгі баптармен таныстыру; өз құқықтары мен міндеттерін білуге және құрметтеуге үйрету. Балаларды заңға, әділдікке, жауапкершілікке және өзге адамдардың құқықтарын құрметтеуге тәрбиелеу; құқықтық мәдениетті және азаматтық белсенділікті қалыптастыру. Оқушылардың құқықтық ойлау қабілетін дамыту, өз көзқарасын дәлелдей білу және өмірлік жағдайларда құқықтық шешім қабылдауға баулу.



2023-2024 оқу жылының ақпан айында 10-11 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Мектептегі татулық апталығы» акциясы өткізілді. Мақсаты: оқушыларға мектептегі татулық, бірлік және өзара сыйластық ұғымдарын түсіндіру; достық, ынтымақтастық және әртүрлілікке құрмет мәдениетін қалыптастыру. Жастарды бір-біріне қамқорлық көрсетуге, өзара түсіністік пен сыйластыққа тәрбиелеу; ұжым ішінде сенімді, достыққа негізделген атмосфера орнату. Оқушылардың коммуникациялық дағдыларын, топтық жұмысқа қатысу қабілетін және конфликт жағдайларын бейбіт шешу дағдыларын дамыту.



2023-2024 оқу жылының наурыз айында ата-аналар жиналысында зорлық-зомбылықтың түрлері мен алдын алу жолдары туралы баяндама оқылды.

2023-2024 оқу жылының наурыз айында әлеуметтік педагог А.Мелдебек пен психолог М.Адилованың ұйымдастыруымен «Жақсылық жасауға асығайық!» қайырымдылық акциясы өткізілді. Мақсаты: Қатысушыларға қайырымдылық пен көмек көрсету маңызын түсіндіру; қоғамдағы мұқтаж адамдарға қол ұшын созудың маңызын көрсету. Жастарды мейірімділікке, қамқорлыққа, адамгершілікке және жауапкершілікке тәрбиелеу; әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыру. Қатысушылардың шығармашылық қабілетін дамыту (идеялар ұсыну, іс-шара ұйымдастыру); топтық ынтымақтастық, жоспарлау және ұйымдастырушылық дағдыларын жетілдіру.

<https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid09f5J17ZFBD7gX96nx8jFKnoova1R2UctoS4fNDTo5MKjgIwMGF8gaxfm7cu8HcQal/?app=fbl>

<https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0zy51m3qNzrmwXbPohRYEkSfcZwfbXqHpGLc5yBA5zYJ5K7QsUgrC5kkNciDDbDUaul/7app=fbl>



<https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid09f5J17ZFBD7gX9bvx8jFKwova1R2UcroS4ENDTo5MKjgl.wMGEFgaxfm7cu8HeQal/7app=fbl>

Мектепшілік зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларының нәтижесі:

Жүргізілген алдын алу жұмыстарының нәтижесінде мектеп ұжымы мен оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу мәдениеті қалыптасып, өзара сыйластық пен толеранттылық деңгейі артты.

Негізгі нәтижелер:

1. **Оқушылардың құқықтық және психологиялық сауаттылығы артты.**
Тренингтер мен әңгімелер нәтижесінде оқушылар өз құқықтарын білуге, конфликтіні бейбіт жолмен шешуге дағдыланды.
2. **Мектептегі психологиялық ахуал жақсарды.**
Сенім жәшігі, психологиялық қолдау бұрышы және «Сенім телефоны» жұмысы арқылы оқушылар өз мәселелерін ашық айтуға мүмкіндік алды.
3. **Ата-аналардың белсенділігі артты.**
Ата-аналар жиналыстарында зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыбы тұрақты қарастырылып, отбасылық тәрбие мәдениетіне мән берілді.
4. **Мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің профилактикалық жұмысы жүйеленді.**
Зорлық-зомбылыққа жол бермеу жөнінде бірыңғай жоспар мен іс-шаралар жүйесі жасалды.

Орындаған ДТІЖО А.Тунгушбаева

